

Қазақстан Республикасы фармацевтикалық кәсіпорындары мен мемлекеттік медициналық мекемелерінің этил спиртін тұтыну көлемін квоталаудың реті

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі 1997 жылғы 17 қараша N 9929, Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігі 1997 жылғы 13 қарашадағы N 5-01-92, Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі 1997 жылғы 19 қарашадағы N 8-2-6693 Бірлескен қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылғы 20 қаңтар N 428 тіркелді. Қолданылуы тоқтатылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен.

1. Бұл реті Қазақстан Республикасы фармацевтикалық кәсіпорындары мен мемлекеттік медициналық кәсіпорындарының дәрі-дәрмек дайындап, медициналық мақсаттарға жұмсаудағы технологиялық процестерге пайдаланылатын этил спиртін тұтыну көлемін квоталаудың жағдайын реттейді.

2. Квота Қазақстан Республикасының фармацевтикалық кәсіпорындары мен мемлекеттік медициналық мекемелерінің этил спиртін тұтынуының рұқсат етілген көлемін айқындайды. Бұл ретте, тек, қызметтің осы түрін жүзеге асыруға лицензиясы болғанда ғана, тұтынушыларға квота беріледі.

3. Фармацевтикалық кәсіпорындар мен мемлекеттік медициналық мекемелердің қажетті есебі, негіздемелерімен (қолданылатын технологиялар ескерілетін нормалар бойынша), сондай-ақ (1 қосымшаға сәйкес) үстіміздегі жылдың 1 тамызына дейін жергілікті атқарушы өкімет органдарына тапсырылатын, әрбір тұтынушы бойынша өткен жылғы және үстіміздегі жылдың бірінші жартысындағы этил спиртін тұтынудың көлемдерімен бірге этил спиртін тұтынудың келер жылға белгіленіп отырған көлемдері туралы ұсыныстары негізінде, этил спиртін тұтынудың көлемдері квоталанады. Этил спиртін қорын ж а с а у ғ а ж о л б е р і л м е й д і .

Жергілікті атқарушы өкімет органдары Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігіне және көшірмесін Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігіне бере отырып, әрбір тұтынушы бөлігінде, үстіміздегі жылдың 1 қыркүйегінен кешікпей (қажетті және негізді есебімен) келер жылғы этил спиртін тұтыну көлемі бойынша жалпы ұсыныстар т а п с ы р а д ы .

4. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігінің қатысуымен, этил спирті

қажеттілігінің негіздеме, есептемелерін ескере отырып, дәрі-дәрмек өндірісі үшін және медициналық мақсаттарға пайдаланылатын этил спиртін тұтынудың квоталарын, тұтынушылар бойынша, саралап бекітеді және үстіміздегі жылдың 1 қазанына дейін оларды Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитетіне, этил спиртін өндіретін кәсіпорындарға және жергілікті атқарушы өкімет органдарына тапсырады.

5. Облыстардың әкімдері этил спиртін өндіретін кәсіпорындармен арадағы шарттар негізінде, (2 қосымшаға сай) белгіленген түріндегі квоталарды құжатпен қуаттап, фармацевтикалық кәсіпорындарға және мемлекеттік медициналық мекемелерге берілуін қамтамасыз етеді.

Көшірме жасауға жол берілмейді, квота келесі жылға жарамайды.

Қазақстан Республикасының облыстық әкімдері, Энергетика, индустрия және сауда министрлігі өндіруші кәсіпорындар бөлігінде квоталардың құжаттармен қуатталып бөлініп берілгендігі туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитетіне, Энергетика, индустрия және сауда министрлігіне жыл басына дейін тапсырады.

6. Қажет болған жағдайларда (өнімге сұраныс өзгергенде, жаңа құжаттар қосылғанда, лицензия жойылғанда және басқа жағдайларда) жергілікті атқарушы өкімет органдарының Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігімен, Энергетика, индустрия және сауда министрлігімен келісілген ұсыныстары негізінде тұтынушылар бойынша, квоталардың көлемін түзету жөнінде өзгертулер енгізеді.

7. Этил спиртін тұтынудың квотасы Қазақстан Республикасының фармацевтикалық кәсіпорындарына және мемлекеттік медициналық мекемелеріне этил спиртін акцизсіз жіберу үшін Қазақстан Республикасының Салық комитетіне және өндіруші кәсіпорындарға негіз болады.

8. Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі және жергілікті атқарушы өкімет органдары этил спиртін мақсатымен пайдаланылуын бақылайды. Олар жыл қорытындысы бойынша, қоса беріліп отырған үлгісі бойынша (N 3 қосымшаға сай), Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігіне және Қаржы министрлігінің салық комитетіне тиісті ақпарат тапсырады.

Қазақстан Республикасы	Қазақстан Республикасы	Қазақстан Республикасы
Қаржы	Энергетика, индустрия және сауда	Білім, мәдениет және денсаулық сақтау
Вице-Министрі	Министрі	комитетінің төрағасы

Қазақстан Республикасы фармацевтикалық кәсіпорындары мен мемлекеттік медициналық мекемелерінің этил

спиртін тұтыну көлемін квоталаудың

Ретіне

№ 1 Қосымша

бойынша

этил спиртін 199__ жылға тұтыну көлемі
(фармацевтикалық кәсіпорынның, мемлекеттік медициналық
мекеменің аты)

Өнімнің немесе медицина. лық ресім атауы	Этил спиртін тұтыну көлемі	Жосп.жылда этил спиртіне қажеттілік			
		Дәрі-дәрмек және	Өндірі.мед өнім	Этил спир.	
	осыған үстім,	басқа мед.мақс.	және басқа ре.	тіне қажет	
	дейінгі	жылдың	жұмсалатын этил	сімдердің тілік	
	жыл	1 жар.	спирт. нормасы	көлемі (саны) (литр)	
	((факт)	ты жы.	((мл)	((мың фл. не	
		лы		мың проц.)	

М ы с а л ы :

ішірткі тұнбасы

№ 2 Қосымша

БАҚЫЛАУ ТАЛОНЫ		№	Квота
№ Квота		-----	-----
кәсіпорыннан			

этил спиртін сатып алуға			

----- берген			
Саны			
Квотаны берген орган			

(Орналасқан жері - облыс,			
қала)			
Берілген мерзімі			

(қолы) (басшының			
аты - жөні)			

М ө р і | М ө р і
М ө р і |

199 __ жылға берілген квота _____
(с а н ы , м ы ң д а л)

(этил спиртінің өндіруші кәсіпорынның аты)

Э т и л с п и р т і н ө н д і р у ш і

Кәсіпорынан алынды

(саны, мың дал)

Мерзімі 199_ жыл _____

(қолы)

(Этил спиртінің өндіруші кәсіпорын
басшысының аты-жөні)

Мөрі

№ 3 Қосымша

Этил спиртінің 199 __ жылғы пайдаланылуы туралы
а қ п а р а т

(фармацевтикалық кәсіпорынның, мемлекеттік медициналық
м е к е м е н і ң а т ы)

Өнімнің|199__ |Дәрі-дәрмек және|Өндір.өнім. |Этил спир. |Айырмасы
немесе |жылға |басқа мақсаттар.|рәсімдер, бас.|тін нақтылы|(+, -)
медици.|бөлін.|жұмсалатын этил |қа мед.қызм-ін|тұтыну |
налық |ген |спирт. нормасы |нақты көлемі |(литр) |
рәсім |квота |(мл) |(саны) (мыңфл.| |
атауы | |не шарт. мың)| | |
||_|